

Махамбет атындағы орта мектебінің бракераждық комиссия отырысының

хаттамасы №1

03.10.2022ж

Қатысқандар саны: 5 (бракераж комиссия мүшелері)

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың тамақтануы туралы мониторинг және жеткізілген тамақ өнімдерінің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері мен сақталуын қадағалау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Рысбаева білім алушылардың тегін ыстық тамақтануы туралы құрылған комиссия мүшелерінің тексерген қорытындысы туралы айтты.

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылында аз қамталған атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларын тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылып, жоспары жасалды. Осыған орай бастауыш сыныптан 146 және аз қамтылған отбасынан 20 бала қамтылды. Қазір мектепте 166 бала тегін ыстық тамақ ішеді.





Асханада ас мәзірін дайындау мен пісіруге арнайы жабдықтармен қамтылған. Асхананың санитарлық жағдайы нормаға сай. «Астарыңыз дәмді болсын!», «Дұрыс тамақтану» бұрышы ұйымдастырылған. Ас мәзірі күніге жасалып, өз уақытында бекітіліп отырады. Асханадаға мектеп әкімшілігінің кезекшілік кестесі ілінген. Мектептің медицина қызметкері тамақтың тәуліктік сынама нормасын қадағалап тұрады. Асхана қызметкері медициналық сараптамадан өткен кітапшаларының мерзімі тексерілгенін, шағымдар мен ұсыныстар журналы жүргізілетіні туралы айтып, сөз соңында қол жуатын арнайы орындардың жабдықталғанын айтты.

Зерделеу қорытындысы бойынша төмендегі нысандар қанағаттанарлық деп танылсын:

-тамақтың сапалы, асты дайындау технологиясы, мұздатқыш пен тоназытқыштың жұмыс істеуі, керекті өнімдер мен дайын тамақтың сақталу шарттары;
-бекітілген санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес астың сапасын бақылау жөніндегі жазбалардың бракераж журналына түсуі;
-тамақтану мәдениеті мен өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру мақсатында аталған міндеттердің барлығы есептік кезеңде толықтай жүзеге асырылуы;

Шешімі:

Білім алушылардың тамақтануы бракераж комиссия мүшелерінің тарапынан зерделеніп, өнімдердің және дайын тағамдардың жарамдылығы мен сақталуы мектеп медбикесі А.Жанатоваға жүктелсін, үнемі қадағалансын.

Қ. Адилбаев 
Ж. Рысбаева 
Ф. Габдуалиева 
Р. Койшыбаева 
А. Жанатова 